ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«KKS Construction group»
Сайрам ауданы, Қарасу ауылы, Нариманов көш. н/ү
Тел.: 8701-411-99-69

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Товарищество с ограниченной ответственностью
«KKS Construction group»
Сайрамский район, с. Карасу,
ул. Нариманова б/н, Тел.: 8701-411-99-69

№ 10
«26» 02 2021 ж.

Түркістан облысының
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

Ұйымдастырушы «Қазығұрт аудандық тұрғын үйкоммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен» (әрі қарай - бөлім) жарияланған «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарапхана ауыл округі, Майлыошақ елді мекенінің электр жүйелері құрылысы» нысаны бойынша конкурс нөмері №5302051-2, конкурсы жарияланып, 26.02.2021ж. қорытынды хаттамасы шықты.

Осы қорытынды хаттамасына сәйкес төмендегі уәждермен өтінім кері қайтарылған:

Непредставление документов, требуемых в соответствии с условиями к потенциальному поставщику, определенными приложением 2-1 конкурсной документации;

2-1 қосымшаға сәйкес құжаттар толық салынған. Бұл қосымшада «*Әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді*» делінген.

отсутствие подвида работ в разрешений (уведомлений), полученных (направленных) в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях, сведения о которых подтверждаются в информационных системах государственных органов;

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажетті лицензия 5 қосымшада көрсетіліп, тігілген. Оған қоса, http://elicense.kz/Licenses/Details/fa25ea73-3c84-41bc-a842-428e6975b23d мемлекеттік органдар сайтынан көруге болады.

непредставление сведений о субподрядчиках по выполнению работ, являющихся предметом закупок на конкурсе, а также виды работ передаваемым потенциальным поставщиком субподрядчикам, согласно приложению 10 к конкурсной документации (в случае привлечения потенциальным поставщиком субподрядчиков (соисполнителей);

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 150 тармағында: конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер

(кызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (***әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда***);

Яғни, бұл жерде қосалқы мердігер тартылмағандықтан 10 қосымшаны толтырмау өтінімді кері қайтаруға негіз болып саналмайды делінген.

Объект не подходит по аналогии (схожести) закупаемой работы; Объект не подходит по аналогии (схожести) закупаемой работы;

Алдыңғы 10 жылда жасалған жұмыстар бойынша форма №2,3, қабылдау актілері электронды депозитте, 5-ші қосымшада көрсетілген және құрылысы жүргізілген нысандары бойынша мемлекеттік сараптама қорытындылары тігілген;

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 150 тармағы мен 5-ші қосымшада көрсетілмеген негізсіз себептермен «KKS Construction group» ЖШС өтінімін Заңсыз кері қайтарып тастаған.

Осыған орай, конкурстық комиссия мүшелерімен қабылданған Заңсыз шешімге камералдық бақылау жүргізуіңізді және қорытынды хаттаманы қолданыстағы заңға сәйкес шешім қабылдауға ықпал етуіңізді сұранамын.

«KKS Construction group» ЖШС
директоры **Қ.Альжанов**